

1. Сологуб Н.М., Евдокимов С.Г., Данилова Н.А. Хищения в сфере экономической деятельности: механизм преступления и его выявления // Методическое пособие. – Москва, 2002. – 256 с. (11 с).
2. Лузгин И.М. Моделирование при расследовании преступлений: монография. – Москва, 1981. – 164 с.
3. Ларин А.М. Расследование по уголовному делу. Планирование. Организация. – Москва, 1970. – 92 с. (69 с).
4. Уголовный Кодекс Республики Казахстан, ст. 190, 192, 217.
5. Утебаев Е.К. Обстоятельства, подлежащие доказыванию при расследовании экономических преступлений // Вестник СГУ им. Шакарима. – Семипалатинск. – №3.-2001. – С. 124-126.

Author expounding this article stresses that the analysis of the structure of individual elements of criminal characteristic and synthesizing them in summary form, the investigator will mentally simulate what happened criminal event. In turn, in our opinion, this will contribute to the formation of certain versions, a plan the investigation, the choice of the necessary investigative and operational-investigative actions, and, in general, the success of the investigation and solve the crime.

Автор, излагая данную статью, подчеркивает, что анализ структуры отдельных элементов криминалистической характеристики и синтезирование их в обобщенной форме позволит следователю мысленно смоделировать происшедшее преступное событие. В свою очередь, по нашему мнению, это будет способствовать формированию определенных версий, разработке плана расследования, выбору необходимых следственных и оперативно-розыскных действий и, в целом, успеху расследования и раскрытия преступления.

Е. Аунекоев

ТҮСТІ МЕТАЛЛ ҰРЛЫҒЫН ТЕРГЕУДЕГІ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

Қазіргі таңда металл ұрлау қылмыстары тоқталмай тұр. Түсті металл ұрлығының қоғамға қауіптілігі анық. Ол мемлекетке және қоғамға, адамның заңмен қорғалатын материалдық және моральдық құндылықтарына түбегейлі нұқсан келтіреді. Металл ұрлығын нәтижелі ашу үшін, алдымен, оның криминалистикалық сипаттамасының түсінігіне назар аударған жөн.

Түсті металл сынығы мен түсті металдан жасалған бұйымдар ұрлығының тергеуде көбінесе тергеушінің біліміне және аталған қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасын дұрыс қолдануына байланысты. Оның элементтерімен танылған заңды байланыс арасында қылмыскерді, ұрланған мүлікті іздестіруе бағытталған болжамдар құруға және тағы басқада әрекеттерді ұйымдастыруға көмектеседі.

Л.А. Сергеев [1] пен А.Н. Колесниченко [2] қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі мен терминін ғылымға енгізгені белгілі.

Алайда әдебиеттерде «қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы» термині пайда болуына дейін, криминалистиканың жеке әдістемесінде қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу, оның кейбір элементтері ретінде: Қылмыс жасау мен ізін жасыру тәсілі, қылмысты жүзеге асыру жағдайы, орны, уақыты, басқада шарттары, бастапқы мәліметтің сипаты және тағы басқалары жатады [3].

Оның дамуы мен қалыптасуы П.И. Любинскийдің идеясымен байланысқанын жоққа шығаруға болмайды. Ол қылмыстарды тергеу мен оның нәтижелі ашылуы үшін қажетті тұжырымдалған талаптарды сақтау керек, сондай-ақ тергеу алдында тұрған оқиғаның криминалистикалық сипаттамасын құрастыру керек екендігі туралы айтып кеткен. Ол криминалистикалық сипаттаманы криминалистикамен қатар, сот медицинасы, криминалдық-психологиядан ілім ретінде қарастырған. Ол үшін П.И. Любинский «не ?, кайда ?,

қашан ?, кім ?, кімнің көмегімен?, неге?, қандай әдіспен?» деген классикалық рим формуласын қолданды. Осы кезден бастап, кеңестік криминалист ғалымдар тергеу тәжірибесін зерттей және жалпылай отырып, жекелеген қылмыс түрлеріне тән белгілер мен бірқатар заңдылықтарды анықтады [4].

Қылмыстың криминалистикалық құрылымы мен мазмұнының түсінігі О.Я. Баева,

В.М. Быкова, А.Н. Васильева, Л.Г. Видонова, И.А. Возгрин, В.К. Гавло, И.Ф. Герасимова, Л.Я. Драпкина, Л.Л. Каневского, В.Е. Корноухова және т.б ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы мен оның элементтер түсінігі жөнінде қазіргі күнге дейін криминалистер арасында бірдей көзқарастар туған жоқ екенін байқап көруге болады. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамалары туралы ғалымдар арасында әртүрлі пікір таластар туындап отыр. Осы мәселені ары қарай зерттеу қажеттілігі мен мақұлдандуынан осы саланың зерттелуінен бастарту туралы ұсыныстарына қарама-қайшы пікірлер айтылуда.

Қылмыстың криминалистикалық сипатының мағынасын дайындауда аса маңызды мәселелері, болып тұр. Олардың пікірінше, бұл мәселе жеке әдістемелердің шеңберінде айтарлықтай қаншалықты маңызды бола алады [5]. Л.Л. Каневскийдің пікірінше, оның мағынасына аса көп мән берудің қажеті жоқ екенін және криминалистикалық сипаттамасының көмегімен қылмысты тез және нәтижеге бағытталайып ашуда мүмкіндік туғызады. Бірақ оның мағынасын, дәрежесін төмендетуге болмайды [6].

Белкин өзінің соңғы еңбегінде қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын ары қарай дайындап шығару идеясынан бастартуды ұсынды. Криминалистикалық сипаттамасы ғалымдар мен практиктердің арасындағы туындаған криминалистиканың шынайы өміріне қалыптаспаған абстрактілі ойлары олардың үмітін ақтаған жоқ. Ғалымдар ескі тәжірибеге келуді ұсына отырып, қарастырылатын істердің категориясы бойынша дәлелдеу затының спецификалық ерекшеліктері нақты жеке криминалистикалық әдістемесінде оның бірінші элементі ретінде көрсетіледі [7].

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы келесідей: криминалистикалық сипаттаманың классификациясын, заттай дәлелдемелер мен криминалистикалық сипаттамасының арақатынасын, криминалистикалық сипаттаманың құрылымы мен мазмұнын негізгі, пікірталас сұрақтар көрсетіп кетуге болады.

Сонымен қатар криминалистикалық сипаттаманың классификацияларына бірнеше әдістерін бақылайды. Кейбір авторлар типтік, түрлі және топтық криминалистикалық сипаттамасын бөліп қарастырды. Басқа ғалымдар, криминалистикалық классификацияларына негізделе, криминалистикалық сипаттамасының түрлік, (топтық) және жеке түрлерін белгілейді [8].

Біздің болжауымызша, қылмыстардың сипаттамасын типтік, топтық және түрлікке жіктеу қолайлы, өйткені бұл әдіс элементтер сипатын жалпыдан жекеге қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда түсті металл ұрлығының криминалистикалық сипаттамасы криминалистиканың түрлік сипаттамасы ретінде қатысады.

Нақты қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы туралы сұрақ қазіргі таңда өзекті болып саналады. Жеке криминалистикалық әдістемесінің құрылымында қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы мен дәлелдеу заты (дәлелдеу жататын жағдайы), сондай-ақ, арақатынас туралы сондай-ақ сұрақтары даулы болып табылады.

Бір авторлар жеке криминалистикалық әдістемесінің құрылымында қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын дәлелдеу заты ретінде белгілейді.

Криминалистикалық сипаттаманың барлық элементтері жоғарыда жасалған әрекеттері туралы тергеушінің танымына өзара тәуелді және өзара байланысты. Бұл тергелетін оқиғаның жағдайлары туралы өзінде жеткілікті ақпараттар бар негізде тергеушіге мүмкіндік береді: әлі белгісіз басқада жағдайлар туралы қорытындылар жасауға; іс бойынша қатысты тұлғалардың әрекеттерін болжауға; қылмыстар мен тағы басқада іздерді табуға, сонымен қата, қылмыстың криминалистикасының сипаттамасын тағайындау- іс бойынша тергеушіге заңдылықтарын тану және табу болжамдарын құруға көмектесуі болып табылады.

Криминалистер криминалистикалық сипаттамасының мазмұнын арнайы қылмыстық-құқықтықтың, қылмыстық-іс жүргізудің, криминологияның, сот-психиатрияның және басқа да мәліметтерімен сәйкес келмеуі мүмкін емес екенін ескеруде [9].

Қылмыстың криминалистикалық мазмұнын анықтап, біздің ойымызша, ең дұрыс ұстанымды иеленген - Л.Д. Драпкин, ол криминалистикалық сипаттамасын ғылыми дәрежесі

ретінде түсінген. «Жеткілікті дәрежесіне де нақты сипатталған типтік белгілері мен оқиға қасиеті, жағдайлар, белгілі классификациялық тобымен қоғамға қауіпті әрекеттерін жасау тетігі мен әдісі, білім беру процесі мен дәлелдемелердің оқшау бөліктері, адамның типологиялық салалары мен кінәлілері, жәбірленушілері, сондай-ақ басқада қол-сұғылатын объектілерінің тұрақты ерекшеліктерін жүргізеді [10].

Аталған теориялық жағдайлардан шыға отырып, қажеттілік, ортақтық, бүтіндік және маңыздылық қағидаларына сүйене отырып, түсті металдардың ұрлығын тергеу ерекшеліктерінің есебі мен қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының ерекшеліктерінің элементтері ретінде зерттелетін келесідей түрін: қылмыс жасау тәсілі мен ізді табу тетіктері, қылмыс жасау тетіктері, қылмысты іске асыру жағдайы, қылмыскердің мінез-құлқы мен тұлғанын ерекшеліктері, сондай-ақ олардың арасындағы заңды байланыстарды белгілейді.

Қылмыс жасау тәсілі. Металдарды ұрлаудың криминалистикалық сипаттамасының маңызды элементтерінің бірі- оны жасау тәсілі. Нақ осы қылмыс жасау тәсілін тануда, оны ашуға қадам жасайды. Қылмыс жасау тәсілін үйрену криминалистикада маңызды орындардың бірін алады және іздестіру жұмыстарын сапалы шешуді қамтамасыз етеді.

Қылмыс жасау тәсілі туралы сұрақ ғалым криминалистермен оның нәтижесінде тұрақты қалыптасқан түсінігі жүйе ретінде тереңірек зерттелуде «сыртқы ортаның өзара байланысқан, айқындаған жағдайлармен және қылмыскер тұлғасының психо-физикалық қасиеттері, дайындық бойынша қайталанатын ситуациялық әрекеттері, қылмыс жасау және жасыру, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған және белгіленген тәртіпте жүргізіледі» [11].

Байқауымызша, криминалистикалық оқу тәсілі туралы орын алған кейбір сұрақтар даулы болып табылады. Бір авторлар дайындалу тәсілін, қылмыс жасыру тәсілі мен жасау тәсілін дербес криминалистика ұғымы ретінде қарастыруды ұсынады. Басқалары көрсетілген барлық әрекеттер қылмыс жасау әрекетінің түсінігімен қамтылатынын айтады. Үшіншілер- пікір талас жүргізуде, қылмыс жасау тәсілмен және оны жасыру әрекеттері міндетті түрде түсіну керек пе немесе қылмыс жасау тәсілі оны жасыру тәсілінен қашық болу мүмкін.

Металл ұрлықты жасыру тәсілінің мазмұны қылмыскер тұлғасының қасиеттерімен (жынысы, жасы, білімі, соттылығы, физикалық мүмкіндіктері, кәсіби және өмірлік тәжірибесі), сақтау орындары, сондай-ақ қылмысты жүзеге асыру жағдайы жатады. Түсті металл және олардың бұйымдарын ұрлығын жасыру бойынша дербес әрекеттері мен қоғамға қауіпті әрекеттерді жасауға қатыспаған тұлғаның әрекеттеріне мыналар: металл қабылдаушылар және алып сатарлары, туыскандары, жәбірленушілері, куәлері жатады.

Сот-тергеу тәжірибесі, қылмыскердің алдында тұрған мақсаттарына байланысты түсті металдар мен бұйым ұрлықтары әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Біздің зерттеуіміздің көрсеткішіне сәйкес түрлі-түсті металдар ұрлығының жалғыз мақсаты оларды металл сынығын қабылдайтын пунктке өткізу немесе сату және ақша алу болып табылады. Түсті металл ұрлықтары, нақты жүйелі әрекеттерін орындаудағы, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған және өзара байланысқан жолымен жасалады.

Барлық түрлі-түсті металл ұрлықтары дайындықсыз және алдын -ала дайындықпен жасалынғанын айыруға болады. Мұндай дайындыққа

Трансформаторларды, лифтлерді және т.б. ашуда іскерлікпен және арнайы кәсіби біліктілікті иеленген қатысушыларды іздеп табу, арнайы тәсілімен кесетін және аралайтын аппараттар мен басқа да құрал-саймандарды қолдануда. Мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындардың қызметі және иелігінде түсті металдан тұратын сынықтары мен аспаптары бар туралы мәліметтерін иеленген, кең таралып бөлінген каналдарға ұрланғанды өткізу, жеке қолданудағы көлік, сақтау қоймасын иелене және қажеттілігі үшін ұрланған металды өндіру немесе оны сыныққа айналдыру және т.б. қосылады. Қылмысқа қол сұғу объектісі (кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері, бақша серіктестіктері, лифт шаруашылықтары, теміржол магистралдары, телефон желісінің станциялары, электр) және ондағы бар металл жабдықтары мен орындары, сондай-ақ оны қорғаудың әдістері, туралы мәліметтерді жинау., Зерттеулер бойынша қылмыскерлердің басым көпшілігі қылмыс жасау объектісін тандаған кезде, ол жөнінде алдын-ала ақпараттарды жинайды, бақылайды, көлік пен техникалық құралдарын дайындайды.

Түсті металдарды ұрлау тәсілдерінің сипаттамасы: ұрлық жасау, оны жасаған қылмыскердің әрекеттерінің тәсілімен версияларды нәтижелі жүргізуде, тез және толық ашуда, жан-жақты анықтау үшін түсті металл ұрлықтарын тергеуде маңызды орын алады. Қылмыс жасау тәсілдері жедел-іздігі шараларын жүргізу мен алдын-ала тергеу жоспарларына негізделген болжамды нәтижелі құру мен анықтауда маңызды мәнге ие болады, өйткені тергеу әдістері мен қылмыс жасау тәсілдері белгілі байланыста болып табылады.

Бөтеннің мүлкін ұрлауға тікелей бағытталған қылмыскердің әрекеттері қылмыс жасау тәсілінің құрылымында басты орын алады.

Қорытындылай криминалистикалық сипаттама-қылмыстарды табу, тергеу және алдын алудың тиімді әдістерін дұрыс анықтауға ықпал ететін қылмыс туралы мәліметтердің жүйесі болып табылады.

1. Сергеев Л.А. Расследование и предупреждений хищений, совершаемых при производстве строительных работ: Автореф.,...дисс канд. юрид. наук.- М., 1966
2. Колесниченко А.Н. Научные и правовые основы расследования отдельных видов преступлений: Автореф. дис. доктора юрид. наук.- Харьков, 1967 – С.10-14
3. Крылов И.Ф. Криминалистическая характеристика преступлений – М., 1984. – С. 31-34.
4. ҚазҰУ-дің Оқулық басылым «Криминалистика» - П., 2006 г-С. 343-344 бет.
5. Белкин Р.С., Быховский И.Е., Дулов А.В. Модное увелечение или новое слово в науке.- 1987.- №9. - С.56.
6. Каневский Л.Л. К вопросу о значении ситуационного подхода и типовой криминалистической характеристики в распознавании общественно-опасного деяния, его расследовании и раскрытии. Вып. 9. - Уфа, 2002. - С. 22.
7. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы сегодняшнего дня.- М., 2001. - С. 223.
8. Мозговых Г.А. Криминалистическая характеристика преступления - Алматы., 2002. - С. 20-21
9. Герасимов И.Ф. Криминалистические характеристики преступлений в структуре частных методик// Вып. 69.- Свердловск, 1978 г. – С. 7-9.
10. Драпкин Л.Я. Предмет доказывания и криминалистические характеристики преступлений Вып 69.с-Свердловск, 1978 - С17.
11. Зуйков Г.Г. Поиск преступников по признакам способов совершения преступлений. - М., 1970 - С. 86.

In this article the forensic characterization of crimes in relation to the theft of nonferrous metal. At the beginning of the article shows the common issues, who first coined the term "forensic crime characteristics", which is opposite viewpoints on the definition of the term "forensic crime characteristics", of which elements consist of forensic characteristics of the crime.

В статье рассмотрена криминалистическая характеристика преступлений применительно к кражам цветного металла. В начале статьи показаны общие вопросы, кто впервые ввел понятие «криминалистическая характеристика преступления», какие есть противоположные точки зрения на определение понятия «криминалистическая характеристика преступления», из каких элементов состоит «криминалистическая характеристика преступления». Показаны элементы криминалистической характеристики краж цветного металла. Статья посвящена теме, которая ранее изучалась в практике.

Т. Иманқұлов

СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ АДАМ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ АЯСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАСЫ

Адамзаттың даму тарихында адам құқықтарын қорғау маңызды орны алады, оның ішінде қазіргі кезеңде, демократиялық және құқықтық мемлекетті құру кезеңінде маңызды. Адам құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасында да маңызды рөл атқарады. Азаматтық қоғамда адамдардың құқықтарын қорғау, сот органдары арқылы адамдардың құқықтарын қорғау құқықтық мемлекет құру барысында маңызды сипатқа ие болады. Осындай жағдайда, Қазақстанда адамдардың құқықтарын қорғаудың тиісті әдістерін қолдану бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып табылады.